

Ақсуат ауданының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының отырысы
№ 2 хаттама

Өтетін орны: Ақсуат ауылы, аудан әкімдігінің мәжіліс залы

Өткізу күні мен уақыты: 5 қазан 2022 жылы, сағат 10.00

Қатысушылар саны: жұмыс тобының құрамы (6 адам) қатысып отырғаны 4

Қоғамдық кеңес құрамына 15 үміткер

Ақсуат ауданы (тізім қоса беріледі)

Жұмыс тобының төрағасы: Нұғиев Ғалымжан Жанарбекұлы

Жұмыс тобының хатшысы: Шаймұратов Тимур

Төраға: Құрметті жұмыс тобының мүшелері !

Бүгін біз, Сіздермен жұмыс тобының екінші отырысына Ақсуат ауданының Қоғамдық кеңесінің құрамына енгізу бойынша бастамашыл азаматтардан түскен ұсыныстарды талқылау, ауданның Қоғамдық Кеңесінің мүшелеріне дауыс беру, кандидаттар бойынша бағалау парақтарын толтыру және ауданның қоғамдық кеңесі туралы Ереженің жобасын қарау үшін жиналды. Жұмыс тобының отырысына жұмыс тобы мүшелерінің жалпы құрамының кемінде 3/2 қатысқан кезде құқықты деп есептелінеді (Қоғамдық кеңес туралы үлгі ережесінің 20 тармағы).

Күн тәртібі:

1. Ақсуат ауданының Қоғамдық кеңесінің құрамына енгізу бойынша бастамашыл азаматтардан түскен ұсыныстарды талқылау;
2. Әрбір кандидатпен әңгімелесі өткізу және әрбір кандидат бойынша ашық дауыс беру, бағалау парағын толтыру;
3. Ауданның Қоғамдық кеңес туралы Ереженің жобасын қарау.

Дауысқа саламын. Кім келіседі? Қарсы? Қалыс қалды?
Отырыстың күн тәртібі бекітілді.

Төраға: Ақсуат ауданының Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттар конкурсына қатысу үшін келіп түскен құжаттарды талқылау – күн тәртібінің бірінші мәселесін қарауға көшеміз.

Қоғамдық кеңесті біз- жұмыс тобымен қалыптастырамыз. Бұқаралық ақпарат құралдарында және аудан әкімінің сайтына қоғамдық кеңес мүшелеріне конкурс жарияладық. Ағымдағы жылғы 21 қыргүйек – 4 қазан (қоса алғанда) аралығындағы кезеңде кандидаттардың құжаттары келіп түсті, оларды бүгін қарап, қорытындысы бойынша шешімдер қабылдауымыз қажет.

Естеріңізге сала кетейін, Қоғамдық кеңестер қызметінің негізгі мақсаты азаматтық қоғамның қоғамдық маңызды мәселелері бойынша пікірін білдіру болып табылады.

Хабарландыруда көрсетілген мерзімде ұйымдардан ұсыныс түскен жоқ, азаматтардан тиісті құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда 13 өтініш келіп түсті.

Тізіммен таныстыра кетейін:

1. Алимжанова Манат Сергеевна
2. Бұлантаев Айдарбек Арғынбекұлы
3. Жансултанов Мейрамбек Кабдоллаевич
4. Жалелбеков Сабет
5. Жумаханов Ергали Калиоллинович
6. Итбаев Даулет Жанарбекович
7. Кабышев Баглан Мамерсанаевич
8. Камзин Кенжегали
9. Кемербаев Бакытжан Ахметович
10. Момбаев Мейржан Мейрамбекович
11. Сериков Сабыр Габдрахманович
12. Рахимбаев Мерей Тлеугалиевич
13. Рахымжанов Талгат Амир
14. Таушаев Сайлаубек
15. Тоқтабаев Ерланбек

Төраға:

Құрметті жұмыс тобының мүшелері !

Жұмыс тобы отырысының күн тәртібі толық қаралды. Атқарылған жұмыс үшін рахмет. Назарларыңызға рахмет, сау болыңыздар.

Жұмыс тобының төрағасы:



Ғ.Нұғиев

Жұмыс тобының хатшысы:

Т.Шаймұратов